

**ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
Т.РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
АЙТҚҰЛ ШЫНАСИЛОВ АТЫНДАҒЫ ОРТА МЕКТЕБІ
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**

БҰЙРЫҚ № 82-Ө

Жарлысу ауылы

02.09.2024 ж.

**2024-2025 оқу жылында білім алушылар мен тәрбиеленушілердің
ыстық тамақпен қамту жұмыстарының ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ-16 «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 31.10.2018 ж. №598 «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы негізінде

БҰЙЫРАМЫН:

1. Тамақтануды ұйымдастыру кезінде санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес тамақтанудың тиісті жағдайлары қамтамасыз етілсін.
2. Асхананың және (немесе) буфеттің жұмыс уақыты оқу процесі аяқталғанға дейін бір сағат бұрын аяқталсын.
3. Интернет-ресурста "Мектептік тамақтандыру" айдарын құрылып, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің тамақтандыруды ұйымдастыру жөніндегі ақпаратты (перспективалық, тағамдардың фотосуреті бар күн сайынғы мәзір, жұмыс жоспары, тамақтану сапасының мониторингі жөніндегі комиссиялардың актілері) "Мектептік тамақтандыру" айдарында, сондай-ақ «Күнделік» kz сайтында жариялау жұмыстары бағдарламашы А.Бакироваға жүктелсін.
4. Мектеп басшысы бекіткен перспективалық мәзірге сәйкес күн сайын тамақтардың алдағы күнге шығуын көрсете отырып, ас мәзірі бекітіліп, асханаға және білім алушылардың ата-аналары немесе заңды өкілдері үшін қолжетімді жерге орналастырылсын.
5. Тағамдарды, буфет өнімдерін, сусындарды, шөлмектегі суды өткізу конкурстық құжаттаманың техникалық тапсырмасына сәйкес жүзеге асырылсын.
6. Санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалардың сақталуын, асхананың санитарлық жағдайын бақылау, күнделікті қадағалау мектеп медбикесі Қойлыбаева Ботагөзге жүктелсін.
7. Күнделікті мектеп әкімшілігі тарапынан кезекшілік кестесі құрылып, бекітілсін және кесте бойынша бақылау жүргізілсін.
8. Нормативтік құжаттардың жүргізілуін, оны қадағалау директордың ДТЖІО - Г.Шотаеваға жүктелсін.
9. Осы бұйрықтың орындалуын өзіме жүктеймін.

Мектеп директоры  **І.Қ Назарбеков**



**ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
Т.РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
АЙТҚҰЛ ШЫНАСИЛОВ АТЫНДАҒЫ ОРТА МЕКТЕБІ
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**

БҰЙРЫҚ № 90-Ө

Жарлысу ауылы

02.09.2024жыл.

«Бракераж комиссиясын құру туралы»

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ-16 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын басшылыққа ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2024-2025 оқу жылында мектеп асханасы арқылы берілетін дайын тағамдардың және шикі өнімінің сапасына бақылау жүргізу мақсатында төмендегі құрамда бракераж комиссиясы құрылсын:

1.1 **І.К Назарбеков – мектеп директоры, комиссия төрағасы**

1.2. Г.Е Шотаева -МДТДЖО, комиссия мүшесі

1.3. Н.Елубаев – ата-ана комитетінің төрағасы, комиссия мүшесі

1.4. Б.Құдайбергенова - кәсіпкер, комиссия мүшесі

1.5. А.Тансыкова – ата-ана, комиссия мүшесі

1.6. Б.Қойлыбаева - медбике, комиссия мүшесі

1.7. М.С Конкакова – әлеуметтік педагог, комиссия мүшесі;

2. Комиссия құрамы жыл бойы тамақ және сатып алынатын тамақ өнімдерінің сапасын тексеріп отырсын.


3. Айына бір рет тексеру жайлы комиссия мүшелерінің есебі тыңдалсын, АКТ түзілсін.

4. Бракераж комиссия мүшелерінің мектеп асханасы жұмысын тексеру қорытындысы жылына екі рет директор жанындағы кеңесте және жылына екі рет жалпы ата-аналар жиналысында қаралсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өз құзырыма қалдырамын.

Мектеп директоры  **І.К Назарбеков**



«Бекітемін»
Айтқұл Шынасилов атындағы
орта мектеп директоры
І.Қ Назарбеков 
(колы, мөрі)

**Ыстық тамақты ұйымдастыру жұмысының
2024-2025 оқу жылы жоспары**

№	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Әлеуметтік жағдайы төмен, жетім, көп балалы отбасылардағы оқушылар тізімін жасақтау, 1-4 сынып оқушыларының тізімін жасау	Қыркүйек	Әлеуметтік педагог
2	Бракераж комиссиясын құру	Қыркүйек	Әлеуметтік педагог
3	Ыстық тамақ ішетін оқушылардың тізімін жасау	Қыркүйек	Әлеуметтік педагог
4	Асхана бұйрықтарын жанарту	Қыркүйек	Әлеуметтік педагог
5	Асханаға акт жасау	Ай сайын	Әлеуметтік педагог
6	Мектеп әкімшілігінің асханада кезекшілік кестесін ұйымдастыру	Үнемі	Әлеуметтік педагог
7	Ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін оқушыларға арналған бақылау журналын жасап, бақылау жүргізу.	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог
8	Аудандық білім бөліміне ыстық тамақ ішетін оқушылар туралы мәлімет беру	Ай сайын	Әлеуметтік педагог
9	Ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін оқушылардың мониторингін жасау	Тоқсан сайын	Әлеуметтік педагог
10	Ыстық тамақтың ұйымдастыру барысында ас мәзірінің дайындалуын қадағалау, асхана жұмысының тазалығын бақылау	Үнемі	Бракиражды комиссия

Әлеуметтік педагог: Конкакова М

**ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
Т.РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
АЙТҚҰЛ ШЫНАСИЛОВ АТЫНДАҒЫ ОРТА МЕКТЕБІ
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**

БҰЙРЫҚ № 84

Жарлысу ауылы

02.09.2024 жыл

**Мектепке жекелеген тамақ өнімдерін сатуға тиым салу және
санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды орындау туралы**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ 16 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын басшылыққа ала отырып. **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Санитарлық індетке қарсы (профилактикалық) іс-шараларды іске асыру, жетілдіру және мектепке жекелеген тамақ өнімдерінің балалар денсаулығына теріс әсер етуін азайту мақсатында мектепке газдалған және құрамында генетикалық түрлендірілген ингредиенттері бар тамақ өнімдерін сатуға тиым салынсын.

2. Асқазан, бауыр және басқа да маңызды органдардың күрделі ауруына әкелетін газдалған сусындар, гамбургер, хотдогтар, чипсы, сағыздар және қуырылған бөліштер қолдануға жол берілмесін.

3. Асханада санитарлық-эпидемиялық жағдайларын бақылау күшейтілсін.

4. Уақытылы ас бөлмелеріне, мектеп асханасына санитарлық өндеу және тазалық жұмыстары жүргізілсін.

5. Балалардың тағамына жаңа жоғары сапалы тағамдар пайдаланылсын.

6. Тағам саласында жұмыскерлер медсанитарлық сауаттылық, жеке гигиена туралы ережелерді сақтау туралы жұмыс жүргізілсін.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау МДТІЖО Г.Шотаева, мектеп медбикесі Қойлыбаева Б, әлеуметтік педагог Конкакова М, аспазшы Ә Ормановаға жүктелсін.

Негізгі: өндірістік қажеттілік.

Мектеп директоры



І.Қ Назарбеков